

Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 қыркүйек N 1097.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.07. N 1598
қаулысымен. ~P011598

Мемлекеттік аймақтық саясатты ғылыми және әдістемелік негіздеу және оның барлық мемлекеттік басқару деңгейінде келісілген түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының Тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары өз қызметінде Тұжырымдаманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын және оларды Қазақстан

Республикасы Президенті мен Үкіметінің тиісті заңдық, нормативтік актілерін, шешімдерінің жобаларын және басқа да аймақтық даму мен өндірістік күштерді орналастыру мәселелеріне қатысты құжаттарды әзірлеген кезде ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 қыркүйектегі
N 1097 қаулысымен
МАҚҰЛДАНҒАН

Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің айырмашылығы шынайы болып табылады, ол әлемнің кез келген еліне тән. Алайда нарыққа көшу кезінде аймақтық шаруашылықты ұйымдастыру тепе-теңдігінің терең бұзылуына, сондай-ақ қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуіне орай бұл айырмашылықтар бұрынғыдан да күшейе түсті. Бастапқы мүмкіндіктерді ескере отырып нарыққа көшу процесін басқару тетігінің жетілмегендігі мен жекелеген аймақтар тобының оған дайындығының дәрежесі бүтіндей алғанда республиканың экономикасын реформалауды айтарлықтай баяулатты. Қалыпсыздық пен нарықтық реформаларды мемлекеттік және аймақтық басқару құрылымдарында тігінен және көлденеңінен келіспеушілік реформалардың бірыңғай мемлекеттік саясатын мақсатты бағытта жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

2. Қалыптасып отырған жағдайларда аймақтар дағдарыстан шығуда әдеттегідей ұтымдылықтан алшақ өз жолын таңдайды. Бұл жағдайда стратегиялық міндеттерді шешу көбінесе аймақтық басқару органдарының қамту ауқымына ілінбейді, ал жалпы мемлекеттік деңгейде шешім қабылданар кезде аймақтық ерекшеліктер әрдайым тиісті мәнінде бағалана бермейді.

3. Сонымен бірге, экономиканы басқарудың аймақтық деңгейі нарықтық қайта құруларға ең бір дайындықсыз болып шықты. Басқарудың биліктік-әкімшілік жүйесі жағдайларында кез-келген аумақтардың экономикасы одақтық, республикалық, салалық органдар басқаратын жекелеген аймақтарға бөлшектенді және аймақтың экономикасын тұтастай басқару болмады.

4. Трансформациялық процестер мен шаруашылық жүргізудің жаңа шарттарымен қоса нарықтық қатынастарды қалыптастырудың аймақтық ерекшеліктеріне байланысты қосымша проблемалар пайда болды. Бұның бәрі мемлекеттің оны дамытудың жаңа кезеңіне негізделген аймақтық саясатын жасаудың және оны жүзеге асырудың қажеттігін аңғартады.

I. Бастапқы алғышарттар

5. Елдің экономикасын реформалау мен дамытудың жаңа кезеңінде қолайлы аймақтық факторларды жан-жақты пайдалану мен жағымсыздарының іс-әрекетін шектеу, реформа барысында облыстар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық жай-күйінің ерекшеліктерін ескерудің маңызды мәні бар.

6. Аймақтық экономиканы реформалау процестері мен оның шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесіне бейімделуі бірыңғай өрісте меуде. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша саралануы тереңдей түсуде.

Халықтың тұрмысының деңгейі мен сапасы бойынша аймақтардың арасындағы айырмашылық өсіп келеді. Кірістің бір жанға шаққанда ең жоғарғы және ең төменгі деңгейінің арасындағы алшақтықтың құлашы қала тұрғындары бойынша 1:3,3, село бойынша - 1:4 құрайды. Облыстық қиықта бұл көрсеткіштің ауытқуы 1:3,6 құрайды. Республика бойынша қала халқының жан басына шаққандағы орташа ақшалай кірісі село тұрғындарына қарағанда 2,3 құрайды. Жұмыссыздық деңгейі мен экономикалық белсенді халықты еңбекке орналастырудың объективті мүмкіндіктері бойынша аймақтық айырмашылықтар айтарлықтай елеулі.

7. Республиканың шағын және орташа қалалары мен жекелеген ауыл шаруашылығы аудандарының проблемалары шиеленісіп келеді. Республикадағы 57 шағын және орташа қалалардан макроэкономикалық тұрақтандыру шарасы бойынша тек жекелеген қалалар ғана экономикалық дағдарыстан өз бетімен шығуға қабілетті. Көптеген қалалардың экономикасы терең тоқырауда тұр және белсенді мемлекеттік қолдауды қажет етеді.

8. Республиканың артта қалған жекелеген аудандарының тұрғындары қиын жағдайда қалды. Егер реформаларға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 71 шалғай аудандардың жалпы санынан 30 аудан артта қалған ауыл шаруашылығы аудандарының қатарына жатқызылса, енді проблемалы аудандардың қатарына іс жүзінде барлық шалғайдағы аудандарды жатқызуға болады.

9. Соңғы жылдары пайда болған проблемалар оған дейінгі аймақтарда бұрын шешілмей келген әртүрлі теңелімсіздіктердің үстіне келіп қосылды. Аймақтық проблемалардың өсіп келе жатқан жиынтықтарына, тұрғын халықтың тұрмыс деңгейі бойынша аймақтардың саралымдануының күшеюіне көбінекей жүргізіліп отырған аймақтық саясаттың кемшіліктері, орталық және жергілікті басқару органдарының әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеу жөніндегі функцияларының нақты ара жігінің болмауы себепші болуда.

2. Мемлекеттің аймақтық саясаты: мәні, мақсаты, міндеттері, принциптері

10. Аймақтық саясат - мемлекеттің елді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін тіршілік әрекеті мен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларын тиімді пайдалануға бағытталған жалпы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

11. Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының мақсаты халықтың тіршілік әрекеті үшін салыстырмалы бірдей мүмкіндіктер құру мен еңбекті аймақтық ұтымды бөлудің және аймақтық өзін-өзі басқаруды дамыту

принциптерін қалыптастырудың негізінде әрбір аймақтың ресурстық-өндірістік мүмкіндігін тиімді пайдаланудан тұрады.

12. Аймақтық саясаттың мақсаттарына жету бірқатар міндеттерді кезең-кезеңмен шешуді қажет етеді.

Бірінші кезеңде (1996-1997 жылдар) аймақтық саясатты жасау және оны жүзеге асыру үшін алғышарт құру болжамдалады. Оларға:

аймақтардың салыстырмалы шаруашылықтық дербестігін қамтамасыз етуші саяси, экономикалық, экологиялық және құқықтық сипаттағы шаралар кешенін әзірлеу;

мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жалпы стратегиялық ережелеріне сәйкес аймақтық басымдықтарды айқындау;

Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында экономикалық белсенділікті мемлекеттік ынталандыру арқылы жекелеген аудандарды сұрыпталған мемлекеттік қолдауды үйлестіру жатады.

Екінші кезеңде (1998-2000 жылдар) елді экономикалық дамытудың жалпы стратегиясы шеңберінде аймақтық дамытудың бірінші кезекті міндеттерін жүзеге асыру:

институционалдық және нарықтық инфрақұрылымдардың, аймақтық және жалпыреспубликалық тауарлар, еңбек және капитал нарықтарының қалыптасуы мен оның дамуы;

оларды экономикалық дағдарыстан шығару мен әлеуметтік-экономикалық дамытуды жеделдету мақсатында шағын және орташа қалалардың шаруашылығын қолдау және қайта құрылымдау;

артта қалған ауылдар мен селоларды қайта өрлету үшін материалдық негіздер құру болжамдалады.

Үшінші кезеңде (2001-2010 жылдар) республика экономикасының жандануы мен өсуі жағдайларында міндеттердің неғұрлым кең спекторын шешу үшін мүмкіндік пайда болады. Оларға:

экономиканың ұтымды кеңістікті құрылымдарын қалыптастыру, өндірістің аймақтық ұйымдарын жетілдіру және аймақаралық инфрақұрылымдарды қалыптастыру;

өндірістік кешенді ресурстық-мақсаттық теңгеруді қамтамасыз ету, экологиялық-экономикалық тепе-теңдікті сақтау (қалпына келтіру), аумақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және табиғи ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану;

аймақтар бойынша халықтың тұрмысының деңгейі мен сапасындағы айырмашылықтарды теңестіру, аймақтардағы, әсіресе әлсіз дамыған, экономиканың және әлеуметтік салалардың тоқыраулық жай-күйін жеңіп шығу жатады.

Аймақтық саясатты іс жүзінде жүзеге асыру мынадай принциптерге:
бүтіндей алғандағы мемлекеттің және оның нақты аумақтардағы шаруашылық кешендерінің барлық элементтерінің тиімді дамуын қамтамасыз етуші жекелеген аймақтары мүдделерінің ұтымды үйлесуіне;
аймақаралық және мемлекетаралық байланыстар жүйесін қалыптастыру және аймақтардың іс-әрекетінің мемлекеттің сыртқы саясаты мен сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптерімен тиісті экономикалық келісімдері мен келісімге келулерін жүзеге асыру кезінде жалпымемлекеттік мүдделердің басымдығын қамтамасыз етуге;
шаруашылық жүргізуші субъектілердің еңбекті аймақ аралық тиімді бөлу мен өндірісті интеграциялаудың негізіндегі тиімді өзара іс-қимылына;
аймақтардағы өндіріс процестерін оларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың бастапқы деңгейіне және нарықтық қатынастар жағдайларында функцияландырудың объективті мүмкіндіктеріне сәйкес реттеудің сараламалы қадамына;
аймақтардың аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін шешудегі, экономиканы реформалаудың әлеуметтік зардаптарын жұмсартудағы, сондай-ақ мақсат үшін қажетті қаржылық және өндірістік ресурстарды қалыптастыру мен жұмылдырудағы экономикалық дербестігіне;
аймақтардың экономикалық дербестігінің басымдықты, артта қалған және қолайсыз аудандар мен аумақтарды мемлекеттік қолдау жүйесімен ұтымды үйлесуіне, халықты тұратын жеріне қарамастан әлеуметтік нормативтермен және кепілдіктермен қамтамасыз етуге;
аймақтық органдардың халықтың тұрмысының деңгейі мен сапасы, минералдық-шикізаттық, жер, су және басқа да ресурстарын ұтымды пайдалану, өсімдіктер мен хайуанаттар әлемін қалпына келтіру үшін жауапкершілігіне негізделеді.

3. Аймақтық саясаттың бағыттары мен басымдылықтары

13. Аймақтық саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оның мынадай негізгі бағыттары:

аймақтар үшін басымдықты кәсіпорындар мен өндірістерге қажетті селективті көмек көрсетуді, құрылымдық өнеркәсіптік және инвестициялық саясатқа сәйкес кәсіпорындарды санациялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

өндіріске қолдау көрсете және сыртқы және ішкі нарықтарда сұранысқа ие өнімдерді шығаруды арттыру, аймақтардың экспорттық әлеуетін дамыту;
экономикалық болашағы жоқ өндірісті экологиялық бақылауды күшейту

арқылы бірте-бірте тұйықтау;

өнеркәсіптің базалық салаларындағы ірі кәсіпорындарда капиталды шоғырландыру және өндірістік қызметті жандандыру мақсатында технологиялық өзара байланысты өндірістің жаңа (аймақаралық) ұйымдастыру құрылымдарын қалыптастыру;

халықтың жұмыспен қамтылуын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру, жергілікті нарықта тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұсынуды арттыру мақсатында жеке кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орташа бизнесті дамытуға қолдау көрсету;

инвестрлерді, оның ішінде тікелей шетелдік инвестицияларды ең алдымен материалдық өндіріс саласы мен аймақтық инфрақұрылымға тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

аймақтың қаржылық ресурстарын, институттық инвестрлер жүйесін, жинақтауды жандандыруға қабілетті бюджеттен тыс көздерді қалыптастыру және оларды инвестицияларға тиімді айналдыру;

генетикалық қорды, жабайы табиғаттың ландшафтық және көріністік әрқырлылығын сақтау бөлініп шығады.

14. Мемлекеттің аймақтық саясаты аймақтардың әртүрлі үлгілерінің ерекшеліктері ескеріліп олардың әлеуетін неғұрлым толық ашу мақсатында сараламалы түрде жүзеге асырылады.

15. Республикалық аймақтық басымдықтарды айқындау үшін оған сәйкес жаңа салық және бюджет саясатын қалыптастыру позициясы арқылы аймақтардың үш тобы бөлініп шығатын жалпы қабылданған үлгі нұсқа қолданылады:

I топ - жан басына шаққанда орташа республикалық кіріс деңгейінен асатын аймақтар (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар облыстар мен Алматы қаласы). Бұл аймақтарда салықтардың неғұрлым жоғары ставкасы белгіленуі тиіс.

II топ - орташа республикалық көрсеткішке жақын кіріс деңгейі бар аймақтар (Атырау, Жезқазған, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстары), бұлар үшін салықтық ставкалардың орташа деңгейі ұсынылады.

III топ - жан басына шаққандағы орташа кірістің ең төменгі деңгейіне тән аймақтар (Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстары). Бұлар преференциалдық жүйенің потенциалдық субъектілерінің тобын білдіретін айрықша облыстар.

Келтірілген үлгі нұсқаға сәйкес республиканың аумақтық дамуындағы басымдықтардың қатарына I және III топтардағы аймақтар кіреді. Аймақтарында негізгі экономикалық және өнеркәсіптік әлеует шоғырландырылған, жетекшілер деп аталатын даму деңгейі жоғары аймақтарға республиканы экономикалық

дағдарыстан шығару және оны одан әрі дамыту жөнінде зор үміттер жүктеледі.

Аутсайдерлер деп аталатын, әлеуметтік-экономикалық дамудың төменгі деңгейіндегі артта қалған облыстар - III топтағы аймақтар оларды мемлекеттік қолдаудың қажеттігіне қарай басты назарда болуға тиіс.

Бұл үлгілеу қаржылық қаражаттарды аймақаралық қайта бөлу қажеттілігі сақталып қалатын аумақтық саясатты жүзеге асырудың бірінші және екінші кезеңінде өзекті болады.

Аймақтар топтарының құрамы аймақтық саясаттың жүзеге асырылуына қарай үнемі өзгеріп отыратын болады.

16. Аймақшілік басымдықтарды бөліп көрсету және нарықтық процестерді жүзеге асыру тетіктерін нақтылау мақсатында, соған сәйкес аймақтардың төрт тобы ерекшеленіп көрінетін, аймақтардың мамандандырылу принципі бойынша үлгілеу пайдаланылады.

Бірінші топ - стратегиялық сипаттағы минералдық ресурстардың бірегей қоры және ғылыми-өндірістік әлеуетін үдемелі дамытуда жеткілікті дәрежеде жоғары серпіні бар, республика экономикасын дүниежүзілік шаруашылыққа шапшаң қарқынмен шоғырландыруға мүмкіндігі жететін, бірақ экономикалық және әлеуметтік жағынан артта қалған ауылдары мен селолары бар, әрі олардың көпшілігінде елеулі экологиялық ахуал орын алған аймақтар.

Бұл топтағы облыстарға мынадай проблемалар:

көміртекті және минералдық шикізаттарды өндіру мен кешенді өңдеудің жаңа технологияларын енгізу базасында шикізаттың стратегиялық түрлерінің (көміртекті, хромиттер, калий тұздары, алтын, күміс, мыс, қорғасын, мырыш, фосфаттар, бораттар, никель, кобальт және басқалар) бай кен орындарын қарқынды игеру;

әлемдік қалыптарға жауап беретін әрі отандық және шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық қолайлы ахуалды айқындайтын (сыртқы халықаралық рынокқа шығуды қамтамасыз ететін қонақ үйлердің, офис ғимараттарының, халықаралық порттар мен айлақтардың, әуежайлардың, байланыс тораптарының, автомобиль жолдары мен темір жол көліктері тораптарының құрылысы) жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымды жасау басымдыққа ие болып табылады.

Екінші топ - жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, ауыр индустрия салаларында мамандандырылуы айқын көрініс берген, жоғары технологиялық ғылымды көп қажет ететін өндірістер құру үшін жеткілікті дәрежеде экономикалық қолайлы шарттары бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар.

Бұл аймақтардың экономикасын реформалаудың басым бағыттары:

техника-технологиялық ілгерілеу және экспорттық әлеуетті, соның ішінде

шетел инвестицияларын тарту жолымен қалыптастырудың базасы ретінде қолда бар ірі өндірістік әлеуетті одан әрі құрылымдық қайта жаңарту;

жаңа, соның ішінде қаржыландырудың сыртқы көздерін және шетелдік озық технологияларды пайдалану жолымен, технологиялар (электроника, ақпараттандыру, автомобиль жасау жабдықтары, жаңа композиттік, өте таза, өткізгіштігі жоғары материалдар, лазерлік технологияны дамыту, автоматтандырылған басқарудың құралдары мен жүйелерін шығару) базасында жаңа ғылымды көп қажет ететін өнімдер, машиналар мен құрал-жабдықтар шығаруды ұйымдастыру;

экономикалық қайта құрулардың қарқынын айқындайтын нарықтық инфрақұрылымдарды дамытуды тездету;

олардың өндірісінің жандануы мен өсуін қамтамасыз ететін өнеркәсіптің жетекші салаларының ірі кәсіпорындарын басқарудың, соның ішінде кәсіпорындарды шетелдік және отандық фирмаларға "трастылық" басқаруға беру, шетелдік консалтингтік фирмалар мен мамандарды тарту жолымен, жаңа ұйымдық нысандарын құру; өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың аумақтық ұйымдарының тиімді деңгейін қалыптастыру, тұтыну рыногын теңдестіру жөніндегі материалдық базаны жасау болуы керек.

Үшінші топ - елдің азық-түліктік қорын қалыптастыруда жетекші болып табылатын агроөнеркәсіптік кешендер, аймақтар.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары мыналар: ауыл шаруашылығы өндірісін реформалау, меншіктің әртүрлі нысандарын дамыту жөніндегі бағытты жалғастыру;

ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін тиімді мамандандыруды жүзеге асыру ;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің жоғары сапасын және экспортын көбейтуді қамтамасыз ететін жаңа технологиялар мен техникаларды енгізу және өндіріс процесінде пайдалану. Алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы техникаларының лизинг жүйесін құру;

аймақтық АӨК қызметінің әртүрлі салаларын дамытуда сәйкессіздікті жою; республиканың тұрақты азық-түлікті кешенін қалыптастыру мақсатында ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеу жөніндегі шағын кәсіпорындар мен оны сақтау жөніндегі қазіргі заманғы индустрияның кең желісін ұйымдастыру;

қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құру, ауыл шаруашылығының және тұтыну рыногын теңдестіре дамыту мақсатында тұтыну заттарын өндіретін өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базаларын нығайту болып табылады. Бұл топтағы жұмыс қолы артылатын аймақтарда ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеу жөніндегі шағын кәсіпорындармен қатар, жаңа жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамту проблемаларын

жеңілдету мақсатында шағын және орташа бизнесті дамытқан жөн.

Төртінші топ - айрықша-топырақты климатты, әлеуметтік-экономикалық және техника-технологиялық жағдайдағы, экономикалық маневр жасау мүмкіндігі қатаң шектеулі, шаруашылық құрылымның салалары тым ұтымсыз, сондай-ақ экологиялық дағдарысты аудандары бар тоқырап қалған аймақтар. Бұл аймақтарда қалыптасқан шаруашылық байланыстарының бұзылуы, экономикалық және әлеуметтік дағдарыс шиеленіскен деңгейіне жеткен, олар одан өз күштерімен шыға алмайды. Бұл үшін мемлекеттік реттеудің байыпты шаралары қажет.

Бұл топтағы аймақтарға мынадай проблемалар:

экологиялық дағдарыстың тереңдеу процесін болдырмау;

жергілікті ресурстарды пайдалануды, осында тұратын халықтың тәжірибесі мен дәстүрін ескеріп шаруашылық кешенін түбірімен қайта жаңғырту, жекелеген селолық аудандардағы ауыл шаруашылығы шикізаттарын өнеркәсіптік ұқсату жөніндегі бастауыш буындарды құру;

осында тұратын халықтың өмір сүруінің деңгейі мен сапасын көтеру үшін материалдық негіздер жасау жөніндегі нақтылы шаралар қабылдау;

қоршаған табиғи ортасы адамдардың денсаулығы үшін аса қауіпті шағын және орташа қалалардың және басқа да елді мекендердің, селолық аудандардың, республиканың басқа аймақтарына қоныс аударғысы келетін тұрғындарына қажетті жағдайлар жасау;

шетелдік техникалық және гуманитарлық көмекті тарту және оны тиімді пайдалану.

4. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың әдістері мен құралдары

17. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына мемлекеттің реттеушілік ықпалы халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің тыныс-тіршілігін құқықтық регламенттеу жүйесі және жалпы макроэкономикалық (бюджеттік, салықтық, ақша-несиелік), әлеуметтік, экологиялық, құрылымдық-инвестициялық, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру институттық қайта құрулар жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Оларды әзірлеу және практикалық жүзеге асыру кезінде белгіленген (жүзеге асырылатын) шаралардың шоғырландырушы аумақтық әсері және олардың мүдделеріне сәйкес аумақтық әлеуметтік-экономикалық кешенді дамуы ескерілуі керек.

18. Аумақтық саясатты жүзеге асырудың экономикалық тетігі аумақтың ерекшеліктерін, олардың шешілетін стратегиялық және тактикалық міндеттерінің сипатын ескеретін икемді, сараламалымды болуға тиіс. Бұл тура және жанама

әдістер мен тетіктердің көмегімен оның әртүрлі аспектілеріне мемлекеттік ықпалды ойластырады.

Өнеркәсіптің базалық салаларының өндеуге мамандандырылған, минералдық ресурстардың стратегиялық маңызды түрлері бар аймақтар үшін, сондай-ақ әскери-өнеркәсіптік кешеннің кәсіпорындары дамыған жоғары ғылыми-өндірістік әлеуетті аймақтар үшін мемлекеттік реттеу әдістері бірінші кезекте аймақ экономикасының құрылымдық қайта құрылуына жәрдемдесуге және жағдай жасауға, соның ішінде экспорттық бағдардағы өнімдер мен конверсиялық салаларда халық тұтынатын тауарлар шығаруды арттыру мақсатында кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыруға бағдарлануға тиіс. Бұл аумақтар үшін сыртқы сауда саласындағы мемлекеттік реттеу мәселелері мен шетел инвестицияларын тарту, ірі кәсіпорындарды жекешелендірудің шарттарын айқындау, отандық және шетелдік инвесторларды тартуда мемлекеттің жәрдемі елеулі маңызға ие. Бұл аймақтарда құрылымдық қайта құруларды ынталандыратын фактор, басымдыққа ие салалар бойынша амортизациялық жеңілдіктер жасау, сараламалық инвестициялық және салықтық несие беру болуы мүмкін. Жеңілдікті салық жүйесінің көмегімен бұл аймақтарға шетел инвестицияларын, бәрінен бұрын қысқы мерзімде әлемдік деңгейге шыға алатын және барлық шаруашылықтың, сондай-ақ жалпы аумақтың инфрақұрылымының техникамен қайта жарақтануына белсене қатыса алатын салаларға тарту маңызды роль атқаратын болады.

Елдің азық-түлік қорын қалыптастырушы аймақтардың тобы үшін экономикалық тұтқалар мен ынталандырулар, бәрінен бұрын халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді тереңдету, техникалық қызмет көрсету орталықтарын, көтерме азық-түліктік рыноктарды, сауда үйлері мен биржаларды, маркетингтік қызметтерді, лизингтік компанияларды ұйымдастыру, меншіктің әртүрлі нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың агроөнеркәсіптік шоғырлануының жаңа тиімді нысандарын қалыптастыру үшін шағын және орташа бизнесті дамытуға мүмкіндік жасауы керек.

Экологиялық апатты және артта қалған аймақтар, сондай-ақ тоқыраған шағын және орташа қалалар мен шалғайдағы аудандар үшін мемлекеттік реттеу әдістері бірінші кезекте экономиканы жандандыру мен халықты әлеуметтік қолдау үшін және экология мен әлеуметтік-экономикалық дамуды жақсарту жөніндегі айқындалған жобалар мен нысаналы кешенді бағдарламаларды жүзеге асыру, сондай-ақ шетелдік техникалық және гуманитарлық көмекті тартуға жәрдемдесу үшін оларға қажетті көмек көрсетуге бағытталуға тиіс.

19. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың маңызды құралы:

жалпы мемлекеттік және аймақтық мүдделердің өзара байланысы мен

келісімін, аймақтардағы өндірістік-экономикалық, интеллектуалдық және экспорттық әлеуеттердің нығаюы мен ұтымды пайдалануын қамтамасыз ететін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының және Қазақстан Республикасының өндірістік күштерін ұзақ мерзімді перспективаға орналастырудың кешенді болжамы;

елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді болжамда атап көрсетілген кезеңдері мен басымдықтарын жүзеге асыруға бағытталған жалпы мемлекеттік, аймақтық және салалық деңгейлердегі индикативтік жоспарлар жүйесі;

ірі масштабы аймақаралық проблемаларды шешу жөніндегі жалпы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

нақтылы аймақтардың дамуының неғұрлым өткір проблемаларын шешу жөніндегі мақсатты бағдарламаларды, соның ішінде экологиялық апатты аудандарды, тоқыраған шағын және орташа қалаларды мемлекеттік қолдаудың және жекелеген селолық аудандарды дамытудың арнаулы бағдарламаларын жүзеге асыру;

тиісті аймақтың дамуын тездету, оның әлеуетін барынша толық пайдалану, шетел инвесторларын, қазіргі заманғы технологияларды, шетелдік ғылыми-техникалық және басқарушылық тәжірибені тарту, жақын және алыс шетелдермен экономикалық шоғырлану мақсатында тиісті заңдылық, институттық және әдістемелік қамтамасыз етілуімен арнайы экономикалық аймақтар құру болып табылады.

Арнайы экономикалық аймақтар құрған кезде, сыртқы экономикалық шоғырлану мен елді тұтас реформалау үшін жетекші бола қалғанда, арнайы экономикалық аймақ құрылуы мүмкін аймақтың қажетті алғышарттары - тиімді көліктік-географиялық жағдайы, арзан жұмыс күшінің елеулі ресурстары немесе экспорттық бағдар үшін жеткілікті шикізат қоры болуы керек.

5. Орталық және жергілікті басқару органдарының өзара іс-қимылы

20. Осы Тұжырымдама елдің дамуын басқарудың орталықтандырылуы мен орталықтандырылмауының тиімді үйлесуі, өкілеттіктердің көпшілігін орталықтан аймақтық деңгейге кезең-кезеңмен беру және тиісінше жергілікті өкімет органдарының құқықтарын кеңейту мен олардың аумақтарды теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз

етудегі жауапкершілігін арттыру талаптарынан туындап отыр.

Орталық және жергілікті басқару органдарының реттеуші қызметі

21. Орталық басқару органдарының реттеуші аймақтық даму саласындағы қызметі:

аумақтық барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің, орталық және жергілікті басқару органдарының жұмыс жасауының заңдық, құқықтық және нормативтік негіздерін әзірлеумен;

республика шаруашылығының келешектегі дамуының макроэкономикалық және салалық басымдықтарына сүйене отырып, аумақтық дамудың маңызды бағыттары мен сәйкестігін айқындаумен;

тұратын жерлеріне қарамастан республиканың аумағындағы барлық халық үшін белгілі бір ең төменгі өмір сүру деңгейіне мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз етумен;

аймақаралық немесе жалпыреспубликалық сипатқа ие (Арал өңірін, Каспий жағалауы аймағын, Семей полигоны аймағын, артта қалған селолық аудандарды дамыту) аумақтық проблемаларды шешумен;

бүтіндей алғанда республика экономикасы үшін айрықша маңызды мәні бар аумақтарды басымдықты дамытуды қамтамасыз етумен байланысты. Бұл ретте аймақтық дамуды реттеуге мемлекеттің қатысуы бюджеттен қаржыландырылатын нысаналы кешенді бағдарламаларды; мультипликативтік сипаты бар жекелеген құрылым құраушы инвестициялық жобаларды; жалпы-мемлекеттік мұқтаждар және басқалар үшін өнімдер беруге тапсырыстарды орналастыруды жүзеге асырудан тұрады.

22. Жергілікті басқару органдарының реттеуші қызметі:

экологиялық аспектілерді ескере отырып аумақтардың теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық дамуын;

жергілікті шаруашылықты, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсетуді және оның әлеуметтік қорғалуын ұйымдастыруды;

табиғатты қорғауды, табиғатты, еңбек пен өзге де аймақтық ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануды;

меншіктің барлық нысандарын тең жағдайда пайдалана отырып кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдайлар жасауды, шет ел инвесторларын тартуды; аймақтарды дамытудың индикативтік жоспарлары мен ұзақ мерзімдік

болжамдарға ұсыныстар әзірлеуді;

мақсатты бағдарламаларға, аймақтар үшін маңызы бар жобаларды мемлекеттік қолдау түрлеріне ұсыныстар жасауды қамтамасыз ететін аймақтың белгілі бір құқықтарына негізделеді.

23. Аймақтық органдар тарапынан тікелей реттеу қызметі муниципалдық меншік кәсіпорындарына қатысты жүзеге асырылады. Іс-қимылды реттеуші аймақтық экономиканың басқа секторларының объектілеріне реттеуші ықпал ету , қолда бар өкілеттіктердің шегінде жанама реттеу шараларымен, сондай-ақ шарттық қатынастар жүйесі арқылы көрсетіледі.

24. Орталық басқару органдары аймақтық саясатты жүзеге асыру кезінде жергіліктілермен:

аймақтарды республиканың экономикалық дамуы туралы, капиталды неғұрлым тиімді орналастыру, ТМД елдерімен және алыс шет елдермен өзара қарым-қатынастарды дамыту тенденциялары, өнімдерді өткізу рыноктарының, конъюнктурасы туралы жоспарлы-болжамды ақпараттармен қамтамасыз ету;

аймақтарға экономикалық саясат мақсаттарына сәйкес қаржы ресурстарын бөлу;

аймақтардың мүдделері үшін ғылыми-зерттеулер жүргізуде және аймақтық проблемаларды шешу үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізуде көмек көрсету;

әртүрлі мақсатты бағдарламалар мен құрылым құраушы инвестициялық жобалар жасау кезінде аймақтардың талап-тілектерін ескеру жолдарымен белсенді өзара іс-қимыл жүргізеді.

Бюджет жүйелері деңгейімен өзара іс-қимылы

25. Республикалық және жергілікті бюджеттерді жасаған және атқарған кезде аймақтар аумағында қалыптасатын қаржы ресурстары жеткіліксіз ескеріледі. Аймақтардың жиынтық қаржы тепе-теңдігін (мемлекеттің жиынтық қаржы тепе-теңдігінің құрамдас бөлігі ретінде) және оның бюджетпен үйлесімділігін әзірлеудің объективтік қажеттілігі пайда болады. Бұл аймақтардың кірістері мен шығыстарын болжамдауға, өз ресурстарының шекті жол берілетін төменгі шекарасы және жергілікті бюджеттің жалпы көлемінде бекітілген кірістер сияқты нормативтер мен көрсеткіштерге бағдар жасап, салықтар мен кірістерді бюджеттер түрі бойынша бөліп таратуға мүмкіндік береді. Шығыстар жөніндегі жалпы мемлекеттік нормативтер мен коэффициенттерді міндетті түрде пайдаланудың қолданыста бар практикасын қайта қараған және ұзақ мерзімдік нормативтердің (тек бір реттеуші кірісті - жеке адамдардан алынатын табыс салығын ғана қалдырып, акциздер, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы,

қосылған құнға салынатын салық бойынша) негізінде кірістерді бюджеттердің арасында бөлуге көшуді бастаған жөн.

26. Алдағы жылдардың жергілікті бюджеттерін қалыптастыру, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді кәсіпорындардың иелігінен алып жергілікті өкімет органдарының балансына берудің, сондай-ақ құрылымдық қайта құрулардың жандануының және осы әлеуметтік проблемаларға байланысты шешімдердің себебінен қаражаттарды пайдаланудың жаңа баптары мен бағыттарының пайда болуына байланысты. Бұл жағдайларда аймақтарда тиісінше қаржылық қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік кепілдіктер мен нормативтерді функцияландыру жүйесіне көшудің қажеттілігі мен маңыздылығы күшейе түседі.

27. Республикалық және жергілікті бюджеттердің тиімді өзара іс-қимылы мынадай негізгі бағыттар:

реттелетін салықтар санын қысқарту және жергілікті бюджеттердің негізгі бөлігін бекітілген салықтардың есебінен қалыптастыру;

республикалық және жергілікті бюджеттер арасында трансферттерді қайта ұйымдастыру, салықтар алдымен жергілікті жерден республикалық бюджеттің кірісіне түсетін, содан кейін осы аймақтардың өзіне субвенция түрінде қайтып оралатын практикадан бас тарту;

орталықтандырылған көмектердің аймақтарға атаулылығын қамтамасыз ету, оның мақсатты пайдаланылуын бақылаудың тетіктерін әзірлеу;

жергілікті бюджетке орталықтандырылған қолдау көрсету нысандарын диверсификациялау, аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып білім беруге, денсаулық сақтауға, халықты әлеуметтік қорғауға мақсатты субвенцияларды практикаға енгізу;

экономикалық жағынан артта қалған аймақтар, сондай-ақ дағдарысты шағын және орташа қалалар, шалғайдағы селолық аудандар, арнайы экономикалық аймақтар үшін, оларды дамытуды жеделдету мақсатында айрықша салықтық, кедендік және басқа режимдер жүргізу;

республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қаржы ағыстарының негізгі бөлігіне қатысты бюджетаралық қатынастарды реттеудің нормативтік-есептілік әдістерін қолдану;

жоғары тұрған бюджеттерге реттеуші кірістерден аударудың тұрақты жылдық нормативтерін белгілеу бойынша қамтамасыз етіледі.

6. Нормативтік құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету

28. Мемлекеттік құрылыстың саяси, экономикалық және әлеуметтік негіздерінде сапалы өзгерістерді орнықтыратын Қазақстан Республикасы

Конституциясының қабылдануына байланысты, елді дамытудың жаңа кезеңінде шаруашылық жүргізудің аймақтық факторлары ролінің күшеюіне байланысты аймақтарда жүргізілетін экономикалық реформаларды заңмен қамтамасыз етуді жетілдіру, қолданылып жүрген нормативтік актілерді қайта қарау және жаңасын жасау маңызды мәнге ие болды.

29. Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерінен:

әкімшілік-аумақтық бөлу туралы, жергілікті өзін-өзі басқару, селолық және поселкелік бюджеттерді қалыптастыру (заңмен бекіту), халықты жұмыспен қамту туралы, білім беру, мемлекеттік медициналық көмек және денсаулық сақтауды бюджеттік қаржыландыру, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи биологиялық ресурстарды арнаулы пайдалану үшін төленетін төлемдер туралы заңдардың, орман және су кодекстерін аймақтандыру мақсатында жаңа редакциясында қабылдаудың;

жалпымемлекеттік салықтарды республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлуді, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып субвенцияларды, дотациялар мен субсидияларды аймақтарға беруді, өнеркәсіптік-қаржылық топтар мен арнайы экономикалық аймақтар құруды және олардың жұмыс істеуін реттеуші құқықтық, нормативтік актілердің; жолдарды салу мен жөндеуді қаржыландырудың тәртібі мен көздерінің барын қайта қараудың және жаңаларын әзірлеудің;

аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін, макроэкономикалық саясаттың тиімділігін, нормативтік ережелердің орындалуын, қаржы құралдарын пайдалануды талдауға және бақылауға мүмкіндік беретін бастапқы есеп пен статистикалық есептіліктің, статистикалық көрсеткіштер жүйесін қалыптастырудың әдістемеліктері мен әдістерін жетілдірудің;

аймақтандырудың жалпы әлемдік процесі, басқаруды орталықтандырудың төмендеуі және аймақтардың құқықтары мен өкілеттігінің кеңеюі тенденцияларын ескере отырып аймақтық экономика жөнінде іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізудің;

республика аймақтары мен таяу және алыс шет елдер бойынша жаңа технологияларды, техникаларды және басқа жаңалықтарды енгізу жөніндегі ақпараттық жұмысты күшейтудің орынды екендігі туындайды.